

"2-1. Уәкілетті органның облыстарда, Астана және Алматы қалаларында тәртіптік кеңестері болады, олар туралы үлгі ережені уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

3) 1 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік әкімшілік қызметшінің" деген сөздер "мемлекеттік қызметшінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жазасы алынбаған кезде, мемлекеттік әкімшілік лауазымға ауысу тәртібімен орналасуына жол берілмейді.";

3-тармақ "мәслихат депутаттарының" деген сөздерден кейін "судьялардың" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 1 4 - б а п т а :

9-тармақ "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтағы "конкурс өткен кезден" деген сөздер "оларды тіркеу күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет немесе оны тоқтатқаннан кейін жаңадан қабылданған, сондай-ақ жоғары тұрған санаттағы мемлекеттік лауазымға қабылданған азамат үшін үш айға дейінгі мерзімге сынақ белгіленуі мүмкін.";

6) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

" 1 8 - 1 - б а п . Р о т а ц и я

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілерді ротациялау жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік қызметшілерді ротациялау тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.";

7) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві

1. Мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарға орналасу үшін мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві қалыптастырылады.

2. Кадрлар резервін қалыптастыру және олармен жұмысты ұйымдастыру тәртібі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві туралы ережемен реттеледі.";

8) 2 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;"

10) тармақшадағы "еңбек және мемлекеттік қызмет туралы" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2-тармақтағы "қызметтен" деген сөз алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК